

Существующий во многих развитых странах налог на добавленную стоимость основан на стимулировании экспортоориентированности сельского хозяйства при высоких условиях обеспеченности сельскохозяйственной продукцией.

В последние годы в сельском хозяйстве, увеличив потребность в выборе высокоспециализированной наемной рабочей силы, введены налоги на социальное страхование наемных работников для ограничения концентрации производства на фермах. Для эффективности стимулирования инвестиций в капитал сельхозтоваропроизводителей на технологические новинки, в налоговом законодательстве многих стран предусмотрены специальные условия налогообложения:

- установление налоговых льгот на рост инвестиций;
- бюджетная компенсация налоговых платежей на прирост инвестиций;
- отсрочка налоговых платежей на прирост капиталовложений за период завершения инвестиционного процесса.

Сельхозтоваропроизводители могут использовать только одно из льготных условий налогообложения, если они осваивают новшества в рамках государственных и территориальных аграрных программ. В первых двух случаях при льготном получении сельскохозяйственными товаропроизводителями получают прямую прибыль по налогообложению доходов, а в третьих – косвенный доход, но капиталоемкий доход, с длительным сроком возврата, получает очень привлекательный доход для освоения капитальных вложений.

В отдельных странах ЕАЭС предусмотрена компенсация из национального бюджета фермерам части налоговых платежей на инвестиционные приросты, входящие в государственные аграрные программы, направленные на реализацию мероприятий. Сельхозтоваропроизводители, участвующие в государственных аграрных программах, могут удерживать уплату налогов на прирост капиталовложений до полного завершения инвестиционного процесса.

Список литературы

- 1 Петрович, Э.А. Агробизнес: учебно–методическое пособие / Э.А.Петрович, Л.П. Лазарев. – М: ГГТУ, 2016. – 234 с.
- 2 Сельская экономика: учебник: для студентов высших учебных заведений, обучающихся по экономическим специальностям / [С. В. Киселев и др.; под редакцией С. В. Киселева]; Московский государственный университет им. М. В. Ломоносова, Экономический факультет. – Москва: Проспект, 2016. – 570 с.
- 3 Сильванович, В.И. Сельскохозяйственное производство: базисные факторы, основные результаты и условия инновационного развития: монография / В. И. Сильванович. – М: ГГТУ, 2017. – 210 с.
- 4 Афолина Е.В. Афолина В.Е. Обеспечение национальных интересов на основе инновационно-инвестиционного потенциала // Экономика и предпринимательство. 2016. № 11-2 (76-2). С. 634-638.
- 5 Василевская Н.С., Платонова Т.Е., Афолина В.Е. Развитие малых форм хозяйствования в АПК России и вопросы выборочного обследования личных подсобных хозяйств// Региональная экономика и управление: электронный научный журнал. ISSN 1999-2645. - №3 (51).
- 6 Методические положения по повышению инновационной привлекательности хозяйствующих субъектов АПК/ под ред. И.С.Санду, Н.Е.Рыженковой. - М.: «Научный консультант», 2017- 210 с.
- 7 Современные проблемы менеджмента в международном бизнесе: монография/ под ред. проф.В.И.Королева. – М.: Магистр:ИНФРА - М, 2013. – 400 с.

Қазақстан Республикасында этнотуризмнің дамуын мемлекеттік қолдау

С.К.Ержанова¹, М.Е.Жамиева²

¹Менеджмент кафедрасының доценті, э.ғ.к.

²«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша 1 курс магистранты
salta_27@mail.ru; zhamieva.moldir@mail.ru

^{1,2}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Бұл мақалада аймақтық экономиканы тиімді дамыту үшін Қазақстанның этнографиялық дәстүрлеріне, тарихи ескерткіштері және рекреациялық әлеуетіне негізделген этнотуризмді, туризмнің жаңа тез дамып келе жатқан түрін қолдану мүмкіндігін талдауға әрекет жасалды. Туризмді ұйымдастырудың негізгі ресурстарының бірі – археологиялық объектілер.

Этнотуризм табиғатқа жағымды қызмет түрі бола отырып, дәстүрлі колөнердің дамуын ынталандырады және жергілікті тұрғындар үшін табыс көздерінің бірі бола алады. Этникалық туризмнің мақсаты-қоршаған табиғи ортамен үйлесімді өмір сүретін адамдардың өмірімен, мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен танысу. Этникалық туризмді дамыту мәдени мұраны сақтауға ықпал етуге және тұратын аумақтардың орнықты даму факторы болуға тиіс.

Кілт сөздер: этнографиялық туризм, инвестиция, мәдениет, шетелдік туристер.

Қазіргі әлемде этнотуризм – бұл әлемдік экономикадағы жаңа, маңызды сала болып табылады, бұл ғасырдың БҰҰ-да «Туризм дәуірі» деп жариялануы бекер емес. Әлемдегі туризмнің жетекші позициялары, ең алдымен, экономикалық жаһандану процестеріне және адамдардың басқа халықтар мен өркениеттердің жетістіктеріне деген қызығушылығының артуына байланысты.

Дүниежүзілік туристік ұйымның мәліметтері бойынша, бүгінде халықаралық туризмнің белсенді өсуі жалғасуда. Осының салдарынан ҚР-да туристік қызметті дамытуды мемлекеттік реттеу және қолдау қажет [1].

2019 жылы ЖІӨ-дегі туризм үлесі 5,6%-ды құрады, бұл ретте 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 8%-ға дейін арттыру жоспарлануда. Бұл мақсаттар үшін инвестициялық ағындардың жыл сайын өсуі және ішкі және шетелдік туристердің шығындарының жылына орта есеппен 7-8% өсуі қажет. Қазіргі заманғы туризм индустриясы - бұл қызмет көрсетудің халықаралық саудасының ең жоғары табысты және қарқынды дамып келе жатқан сегменттерінің бірі. Туризм әлемдегі жалпы өнімнің шамамен 10%-ын, қызметтердің әлемдік экспортының 30%-ын, әлемдік инвестициялардың 7%-ын, жұмыс орындарының 10%-ын және барлық салықтық түсімдерінің 5%-ын құрайды. Соңғы он жылда жалғасып келе жатқан туризмнің тез және үздіксіз өсуін, сондай-ақ оның экономика мен қоғамның әл-ауқатына елеулі әсерін ескере отырып, дамыған және дамушы елдер туристік саланы экономикалық басымдықтардың бірі ретінде анықтайды [2].

Қазақстанның бәсекелестік артықшылығы ұлттық туристік игілік болып табылады, ол тарихи, сәулет, мәдени және табиғи мұраның бірегей объектілерімен, сондай-ақ рекреациялық әлеуетпен түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасында этнотуризмді дамытуға үлкен көңіл бөлінеді, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында "туризмді, әсіресе экологиялық және этнографиялық туризмді экономиканың маңызды саласы ретінде дамытуға ерекше назар аудару керек" деп атап көрсеткені кездейсоқ емес [3]. Туризмнің бұл түрі болашақта оның бірегейлігі мен ерекшелігіне байланысты үлкен сұранысқа ие болады, өйткені қазіргі уақытта этникалық әртүрлілік биологиялық әртүрліліктің жоғалу қарқынына сәйкес келетін жылдамдықпен азаяды.

Қазақстанда туризмге салынған инвестиция ел тарихындағы рекордтық көрсеткішке жетті – 153,7 миллиард теңге. Бұның өзінде, қаржы ресурстарының шектеулілігіне байланысты 10 республикалық бағыт және 50 туристік бағыт таңдалды, олар Қазақстанның туризм картасына енгізілді.

Қазақстандағы этнотуризмді дамыту жолында археологиялық ескерткіштерге қалалар, ежелгі қорымдар, ежелгі қоныстардың қорғандары, бекіністер, тас мүсіндер, көне заттар, жартастағы суреттерді шетелдік туристерге таныстыра отырып этнотуризмді қолға аламыз.

Бұл тізімге этнотуризмнің бесігі саналатын Түркістан облысы да кіреді. Алдағы жылдары аймақ басшылығы ірі туристік нысандардың инфрақұрылымын заманауи түрге келтіруге ниетті. Отырар қалашығы мен Арыстан баб кесенесінің аумағында гүлзарлар, күркелер, шамдар, кафелер, серуендеу орындары мен санитарлық аймақтар пайда болады. Билік міндетті түрде ағаштар мен жасыл желектер болады деп уәде етеді. Айта кетейік, Арыстан баб кесенесінің аумағын абаттандырудың жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге 7,6 млн теңге жұмсалды. Құрылыстың өзі 252 млн теңгені құрайды. Отырар қалашығының аумағын абаттандыруға арналған құжаттар 5,9 млн теңгеге, ал құрылыстың өзіне 224 млн теңге жоспарланған. Облыс әкімдігінде хабарлағандай, абаттандыру жұмыстары одан да көп туристерді тартады. Түркістан облысындағы ішкі туризмнің барлық түрлерінің ішінде қажылық сапары көш бастап тұр. Көбінесе адамдар Әзірет Сұлтан кешенін көруге барады. Егер өткен жылы 5 айда оған 540 мың адам келсе, биыл онда 612 мың адам болды. Олардың арасында ел азаматтары және шетелдіктер де бар.

Өзінің тарихи көрікті жерлерімен кем түспейтін Таразға келетін болсақ, өткен жылы облысқа барлығы 120 936 турист келген. Олардың көпшілігі біздің еліміздің тұрғындары. 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда отандық туристер саны 16,4 пайызға, ал шетелдік туристер саны 43,7 пайызға өсті. Облыс бюджетіне туризм саласынан түсетін салық түсімдері 1 миллиард 279 миллион теңгені құрады. Шетелдік туристерді тарту үшін туризм басқармасы отандық және шетелдік

туроператорлар үшін туристердің белгілі бір маршруттарымен, туристік орталықтарымен, орналасу орындарымен, тұру және тамақтану жағдайларымен танысу мақсатында тұрақты негізде тегін ақпараттық турлар өткізеді. Нәтижесінде отандық және шетелдік туроператорлар арасында ынтымақтастық туралы алты меморандум жасалды. Өткен жылдың соңына дейін бұл туроператорлар біздің облысқа 652 турист жіберген болатын.

Сондай-ақ, көлік инфрақұрылымын дамытпай туризмді дамыту мүмкін емес екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты, 2018 жылы Ұлытау ауданында республикалық бюджет қаражаты есебінен ұзындығы 233 км болатын Қарағанды–Жезқазған–Ұлытау автожолы жөнделді. Сонымен қатар, қасиетті жерлерге апаратын 79 шақырым жолды жөндеуге жергілікті және республикалық бюджеттен қаржы бөлінді. 2019 жылы тағы 50 шақырым жөнделеді. Туристік саланы одан әрі дамыту үшін 2020 жылға дейін облыста жалпы сомасы 4 млрд теңгеге жуық жаңа орналастыру және демалыс объектілерін салу бойынша 20-ға жуық жобаны іске асыру, оның ішінде Ұлытау ауданында визит-орталық пен "Хан-Шатыр" этноауылын салу жоспарлануда.

Президент Ұлытаудың киелі нысандары қазақстандықтар мен шетелдік туристер үшін тартымды жерлерге айналатынына сенім білдірді. "Ұлытау туристік орталыққа, демалыс аймағына және Ұлы бабаларға табыну орнына айналуы тиіс. Мұнда Қазақстан тарихының символы ретінде ескерткіш-ансамбль орнату қажет. Ұлытаудың тарихы мен мұрасын жас ұрпақты патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу үшін пайдалану қажет", – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы туризмді дамыту жөніндегі салалық бағдарлама қабылданғанын, егер ол толық іске асырылса, бұл елдің ЖІӨ-дегі туризм үлесін 8%-ға дейін арттыруға мүмкіндік беретінін айтты. Келушілер саны 9 миллионға дейін, ал ішкі туристер 8 миллионға дейін өсуі керек. Осы салада жұмыс істейтін адамдардың санын 650 мың адамға дейін жеткізу керек.

Мемлекет басшысы Қазақстанның этнотуристік саласының әлеуеті мен оны дамыту жөніндегі міндеттер туралы айта келіп, кәсіби кадрлар даярлаудың маңыздылығына назар аударды. Этнотуристік саланы дамыту мемлекетаралық байланыстар мен мәдениетті күшейтуге, шетел валютасының ағынын ұлғайтуға, төлем теңгерімінің өсуіне, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортын ынталандыруға, халықтың жұмыспен қамтылуын арттыруға, инфрақұрылымдық объектілерді салу мен реконструкциялауға, сондай-ақ экономика салаларын әртараптандыруды жеделдетуге ықпал етеді. Нәтижесінде Қазақстанда шамамен 200 мың жаңа жұмыс орны құрылады, оның ішінде 72 мың тұрақты жұмыс орны, ал туристік қызметтен түсетін таза пайда барлық мүдделі тараптар – мемлекет, бизнес және жұмыскерлер үшін жылына 200 млрд теңгеге дейін ұлғаяды (ағымдағы сәтте кірістілік шамамен 118 млрд теңгені құрайды).

Әдебиеттер тізімі

1. Карбетова Ш.Р. Проблемы и стратегические приоритеты развития индустрии туризма в Казахстане: Монография. Алматы: «Жания-Полиграф», 2018. -120 с.
2. Имангулова Т.В., Прокофьева М.А. Развитие этнического туризма в Казахстане // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 8-3. –451-455 б.;
3. Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы // (Президент нұсқауы 2 қыркүйек 2019 жыл, № 449). URL: https://www.akorda.kz/ru /addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana

Мемлекеттік сектордағы HR

З.А.Ескерова¹, А.С.Ахметова²

¹ Менеджмент кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.

² Менеджмент кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.
zamirra_e@mail.ru, ahmetova.2017.86@mail.ru

^{1,2} Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Мемлекеттің адам ресурстарын әлеуетін дамыту және ұлғайту жөніндегі жұмыстың негізгі тәсілдерін, қағидаттары мен бағыттарын айқындайтын тиімді кадр саясаты Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі, оның экономикасы мен азаматтардың әл-ауқаты өсуінің түйінді факторы болып келеді. Мемлекеттік деңгейінде Үкіметтің міндеттерінің бірі оны неғұрлым құзыретті, білікті және этикалық кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру болып белгіленді.